

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 және 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 қарашадағы N 1122 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

II "Шығындар" бөлімінде:

01 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету" функционалдық тобында:

606 "Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі" әкімшісі бойынша:

001 "Статистика саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"

бағдарламасында :

001 "Орталық органның аппараты" кіші бағдарламасындағы "209876" деген сандар "180972" деген сандармен ауыстырылсын;

017 "Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету" кіші бағдарламасындағы "84289" деген сандар "113193" деген сандармен ауыстырылсын;

2) "2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысында :

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі бойынша:

көрсетілген қаулыға 372-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

реттік нөмірі 2-жолда :

"ҚР Статистика агенттігін саны 56 штаттық бірлік көлемінде Астана қаласына көшіру, соның ішінде шығыстар: Агенттік мүліктерін Алматы қаласынан Астана қаласына тасымалдау бойынша; қызметкерлердің жеке мүліктерін тасу бойынша; бір жолғы жәрдемақы (көтерме ақы) төлеу бойынша; қызметкерлер мен оның отбасы мүшелерінің жолақысы бойынша; банк қызметіне арналған; Астана қаласындағы әкімшілік үйге деректер берудің жергілікті-есептеу желісін және желінің орталық

торабын қондыруға және монтаждауға арналған." деген абзац алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"Кезекші автокөліктің бір бірлігін жалдау";
реттік нөмірі 7 - жолда:
"есептеу техникасын сатып алуға:
дербес компьютерлер - 100 дана;
жергілікті принтер - 225 дана" деген абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"есептеу техникасын сатып алу:
дербес компьютер - 220 дана;
жергілікті принтер - 286 дана.";
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"жергілікті-есептеу желісін орнату".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі